

"Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 43 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 28 қазандағы № 80 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қарашада № 30400 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 43 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20248 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан

Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы", "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттарын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2022 жылғы 28 қазандағы
№ 80 Қаулыға
қосымша
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 30 наурыздағы
№ 43 қаулысымен
бекітілген

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік

беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66 және 73-баптарына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, 4-1-бабына (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалды.

Қағида мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) келісім беру тәртібін анықтайды.

Қағидаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жібереді.

2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Кепілдік беру қоры туралы заңда, Мемлекеттік реттеу туралы заңда көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

1) жауапты бөлімше – уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшесі;

2) кандидат – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымын атқаруға ниеті бар жеке тұлға немесе басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайланған, тәуелсіз директор болып табылатын адам;

3) келісім – уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы филиалының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісімі;

4) көрсетілетін қызметті алушы – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында, сақтандыру брокерінде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде, сақтандыру холдингінде, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының филиалында басшы қызметкер лауазымын атқаруға ниеті бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы немесе жеке тұлға;

5) қаржы ұйымы - банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар заңды тұлға, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы және тізбесін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітетін немесе оларға қатысты мемлекеттің, көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мүліктік құқықтары бар мемлекетке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі бағалы қағаздарды номиналды ұстау функцияларын жүзеге асыру бөлігінде мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор;

6) қолданыстағы келісімдер тізілімі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) қолданыстағы келісім тізілімі;

7) өтінішхат – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері

филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісім беруі туралы өтінішхат;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – "Қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі "сақтандыру секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі;

9) портал – "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz;

10) ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

3. Уәкілетті органмен келісуге жататын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерінің тізбесі Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 1, 1-1 және 14-тармақтарында және Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабының 1-тармағында айқындалған.

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басқару органының құрамына кіретін уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері уәкілетті органмен келісуге жатпайды.

4. Уәкілетті орган кандидат Сақтандыру қызметі туралы заңның 16-2 және 34-баптарында, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң), Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы Заңның 51, 53 және 54-баптарында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-бабында, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында (бұдан әрі - Бухгалтерлік есеп туралы заң) және Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде келісім береді.

5. Келісім (тәуелсіз директор болып табылатын, басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлерді қоспағанда) басшы қызметкер тиісті лауазымға тағайындалғанға (сайланғанға) дейін беріледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры болып

табылатын, басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайлауға келісім ол лауазымға сайланғанға дейін не лауазымға сайланғаннан кейін беріледі.

6. Қолданыстағы келісімі бар адам, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, сақтандыру холдингтерінің және (немесе) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына (бірнеше лауазым) Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, қайта келісусіз тағайындалады (сайланады).

7. Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабы 3-тармағы 3) тармақшасының және Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының мақсаты үшін мыналар мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттары болып табылады:

1) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы, қаржы ұйымының, банк және сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылуы;

2) кандидаттың қабылдаған міндеттемелерін не уәкілетті органның қаржы ұйымының, банк конгломератының, сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптарын орындамаған қаржы ұйымының ірі қатысушысы (тікелей немесе жанама) екендігі туралы мәліметтердің болуы;

3) кандидаттың қаржы ұйымының басшы қызметкері немесе актуарийі бола отырып, қаржы ұйымына немесе актуарийге қатысты уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шараларының талаптарын бірнеше рет (екі және одан да көп рет) орындамағандығы туралы мәліметтердің болуы;

4) кандидаттың төлемге қабілетсіз деп танылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымында акционер (қатысушы), лауазымды адам, басқару функцияларын орындайтын адам болып табылғаны туралы мәліметтердің болуы;

5) адамның террористік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың тізімінде, терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 және 12-1-баптарына сәйкес жасалатын, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде болуы;

6) кандидаттың әрекеті (әрекетсіздігі) заңнама талаптарын бұзуға (бұзуға) әкеп соққан, резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент- қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органының немесе қаржылық қадағалау органының қабылдауы үшін негіз болған қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкері болып табылғаны туралы мәліметтердің, банкті (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын) төлемге қабілетсіз банктер (

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары) санатына жатқызу, оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімнің болуы немесе қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

7) кандидаттың уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары негізінде қаржы ұйымының басшы қызметкерінің қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілгені туралы мәліметтердің болуы;

8) кандидаттың, уәкілетті орган қызметінде мынадай бұзушылықтарды анықтаған: уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді қатарынан соңғы он екі ай ішінде жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) бұзған;

уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтау туралы мәліметтердің бұрмалануына әкеп соққан есептілікті жасаған қаржы ұйымының бөлімшелерін бақылауды (жетекшілікті) жүзеге асырғаны туралы мәліметтердің болуы;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17460 болып тіркелген, "Қайта сақтандыру жөніндегі қызметті, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметін жүзеге асыру қағидалары мен ерекшеліктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 203 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін талаптарда қайта сақтандыру шарттарын жасасуы;

сақтандыру сыйлықақысының негізсіз мөлшерін қолдану, сақтандырудың міндетті түрлерін жүргізу талаптары мен тәртібінен туындайтын міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау;

қатарынан соңғы он екі ай ішінде жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) сақтандыру төлемін жүзеге асырмау, уақтылы жүзеге асырмау не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмау;

Қайта сақтандыру жөніндегі қағидаларда көзделген, сақтандыру сыйлықақыларын қайта сақтандыруға беру рәсімін, оның ішінде "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері

сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысында көзделген, қайта сақтандырушыдан растаудың болмауы бөлігінде бұзуы;

9) сот шешімімен көрінеу жалған деп танылған кандидаттың аудиторлық қорытындыға қол қою фактісінің болуы;

10) кандидат актуарий бола отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтамауы фактілері туралы уәкілетті органға жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) хабарламағаны туралы мәліметтердің болуы;

11) кандидаттың сақтандыру құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді, актуарлық есеп айырысуларды жүргізу және (немесе) тәуелсіз актуарий ретінде қызметті жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерді заңсыз жариялауы немесе үшінші адамдарға беруі туралы мәліметтердің болуы;

12) шет мемлекеттің қадағалау органынан немесе қаржылық көрсетілетін қызметтерді реттеуді және "Астана халықаралық орталығында онымен қайланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болмауы туралы ақпараттың болуы;

13) кандидаттың біліктілік талаптарына және (немесе) іскерлік беделге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті органның шешіміне әсер ететін көрінеу дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісінің болуы;

14) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 52-бабының 1-тармағының 9), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) және 25) тармақшаларда көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша кандидатпен еңбек шартын бұзу фактісінің болуы;

15) кандидаттың Қазақстан Республикасының Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін борышкерлердің бірыңғай тізілімде болуы, заңды тұлғаның лауазымды адамдарының болуы (берешегі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 1000 (мың) айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда);

16) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 13-5-бабына сәйкес қалыптастырылған уәжді пайымдау негізінде анықталған кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болмауы.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттары қолданылатын мерзімді Қаржы ұйымының басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидаттардың сәйкестігін айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) белгілейді және кемінде бір жылды құрайды.

8. Уәкілетті орган Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолданыстағы келісімдердің тізілімін жүргізеді.

Қолданыстағы келісімдердің тізілімі уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады және ондағы мәліметтер өзгерген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жаңартылады.

Қолданыстағы келісімдер тізіліміндегі ақпарат өзгерген жағдайда, ол тиісті өзгерістерді растайтын ақпаратты уәкілетті орган алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңартылады.

9. Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабына, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабына сәйкес кандидатты тағайындау (сайлау) үшін кандидаттың халықаралық қаржы ұйымдарындағы жұмыс стажына мынадай халықаралық қаржы ұйымдарындағы жұмысы кіреді:

Азия Даму Банкі;

Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі;

Америкааралық Даму Банкі;

Африка Даму Банкі;

Дүниежүзілік Банк;

Дүниежүзілік сауда ұйымы;

Еуразия даму банкі;

Еуропа Инвестициялық Банкі;

Еуропа Қайта құру және Даму Банкі;

Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар ұйымы;

Еуропалық банк ұйымы;

Еуропалық банк федерациясы;

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі;

Еуропалық сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру ұйымы;

Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі;

Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталық;

Ислам Даму Банкі;

Исламдық қаржылық қызметтер кеңесі;

Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық қауымдастығы;

Солтүстік инвестициялық банк;

Халықаралық бағалы қағаздар комиссиясы;

Халықаралық Валюта Қоры;

Халықаралық Даму Қауымдастығы;

Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйелері қауымдастығы;

Халықаралық есеп айырысу банкі;

Халықаралық зейнетақы қадағалау органдары ұйымы;

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі;

Халықаралық Қаржы Корпорациясы;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы кандидатты тағайындау (сайлау) кезінде оның Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының, Заңның 4-1-бабының және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы уәкілетті органды басшы қызметкерлерді тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды қоса алғанда, еңбек шартын бұзу және (немесе) өкілеттігін тоқтату, басшы қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы басшы қызметкерлер құрамында болған барлық өзгерістер туралы хабардар етеді, сондай-ақ растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса берумен басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, сақтандыру холдингі, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы осы ақпарат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалына, сақтандыру холдингіне, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына белгілі болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етеді.

12. Басшы қызметкерлердің тағайындалуын (сайлануын), басқа лауазымға ауысуын, еңбек шартының бұзылуын және (немесе) өкілеттіктерінің тоқтатылуын қоса алғанда, олардың құрамында болған өзгерістер туралы ақпарат растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, растаушы құжаттардың көшірмелерін тіркей отырып жіберіледі.

Тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлер туралы ақпаратқа кандидаттың Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының, Кепілдік беру қоры туралы Заңның 4-1-бабының және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелерін растайтын мәліметтер қоса беріледі

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес ұсынылатын растаушы құжаттардың көшірмелерінде басшы қызметкерлерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, жұмыстан босату (өкілеттігін тоқтату) күні болмаған жағдайда тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, жұмыстан босату (өкілеттігін тоқтату) күні болып сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының уәкілетті органының шешім (бұйрық) қабылдаған күні не шешімде (бұйрықта) көрсетілген оқиғаның басталған күні есептеледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме мынадай мәліметтерді қамтиды:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының толық атауы және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының атқарушы органының орналасқан жері;

акционерлердің жалпы жиналысын (басқару органының отырысын) өткізу күні, уақыты және орны;

отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер (басқару органының отырысы үшін) ;

акционерлердің жалпы жиналысының кворумы (басқару органының отырысы);

басқарушы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттіктерін тоқтату) туралы мәселе бөлігінде акционерлердің жалпы жиналысы отырысының (басқару органы отырысының) күн тәртібі;

дауыс беруге қойылған мәселелер, басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттіктерін тоқтату) бөлігінде олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

басшы қызметкерді тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттігін тоқтату) бөлігінде қабылданған шешімдер.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының уәкілетті органының шешімінен алынған үзінді-көшірме осы құжатқа қол қоюға уәкілеттілік берілген қызметкердің (қызметкерлердің) қолымен расталады және үзінді-көшірменің дұрыстығына нұсқауды қамтиды.

2-тарау. Келісім беруге арналған құжаттарды қарау тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, портал арқылы электрондық түрде өтінішхат ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішхатты портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

14. Өтінішхат көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылады, онда мыналарды:

1) жеке және заңды тұлғалар үшін ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімді;

2) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 - бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісім беру (көрсетілетін қызметті алушылар-жеке тұлғалар үшін);

3) кандидаттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін растауды;

4) кандидат, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры болып табылатын басқару органының басшысы немесе мүшесі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы құжатпен тексергенін растауды (заңды тұлғалар үшін);

5) кандидат келісілетін басшы қызметкердің лауазымын (лауазымдарын) көрсету арқылы еркін нысанда жасалады.

Көрсетілетін қызметті алушының-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының өтінішхаты:

құжаттарды атқарушы орган басшысының (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның), атқарушы органның басшысы болып табылатын басқару органы мүшесінің келісуіне жіберген кезде – басқару органының басшысының, ал ол болмаған жағдайда басқару органының шешімі бойынша басқару органы мүшелерінің бірінің (басқару органының осы шешімінің көшірмесін ұсына отырып), көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің бірінің, басқару органының басшысы және мүшелері болмаған жағдайда, осы құжатқа қол қоюға уәкілеттік берілген, көрсетілетін қызметті алушының қатысушыларының бірінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған көрсетілетін қызметті алушы үшін);

қалған жағдайларда - атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының өтінішхаты:

құжаттарды Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысына келісуге жіберген кезде - Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері осы құжатқа қол қоюға уәкілеттік берген адамдарының (растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып);

қалған жағдайларда - Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндеттерді орындауды жүктеу туралы шешімнің көшірмесін ұсына отырып) ЭЦҚ-мен куәландырылады.

17. Басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтер Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

18. Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды адамдары берген құжаттар (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостиль қойылуға жатады.

Шет тілінде ұсынылған құжаттар қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариаттық куәландырылуға жатады және электрондық көшірмелер нысанында ұсынылады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын (байланыс телефондарын және байланысатын адамдардың электрондық поштасының мекенжайларын көрсете отырып) ұсынады.

Тәуелсіз директор болып табылатын басқару органының басшысын немесе мүшесін келісу үшін ол лауазымға сайланғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы өзі сайланған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірілмейтін мерзімде құжаттардың толық топтамасын ұсынады.

18. Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішхатты тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және құжаттардың қолданылу мерзімін тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданылу мерзімінің аяқталу фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

19. Ұсынылған құжаттардың толықтығы және (немесе) қолданылу мерзімінің өтпеу фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және шет мемлекеттердің уәкілетті қадағалау органдарына (қажет болған кезде) тиісті сұратулар жібереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы есепке алудың ақпараттық жүйесіне және "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорына сұратулар жібереді.

Ұсынылған құжаттарда Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің талаптарына сәйкессіздіктер анықталған кезде мемлекеттік қызмет көрсету ішінде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға оларды жою және көрсетілетін

қызметті алушының портал арқылы пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынуы үшін ескертулер бар хат жібереді. Бұл ретте уәкілетті органның кандидатты келісу үшін құжаттарды қарау мерзімі үзілмейді.

Кандидаттың Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын қаржы ұйымдарында жұмыс өтілі болған кезде уәкілетті орган кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болуын растау мақсатында шет мемлекеттің уәкілетті қадағалау органынан кандидаттың мінсіз іскерлік беделін сипаттайтын мәліметтердің болуы (белде) туралы ақпаратты сұратады не осы мәліметтерді шет мемлекеттің қадағалау органының ресми интернет-ресурсынан алады (бар болса).

20. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы танысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін ұсынуға құқылы.

Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті органның қабылдаған шешімі туралы хат жібереді.

21. Келісім беру үшін ұсынылған құжаттарды кері қайтарып алуға уәкілетті орган кандидатты келісу туралы шешім қабылдағанға дейін, ал тестілеуге шақырумен келіскен кезде - көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш беруі арқылы тестілеуден өту күніне дейін жол беріледі.

3-тарау. Тестілеуден өту үшін шақырумен немесе шақырусыз келісу және келісім беру тәртібі

22. Кандидатты келісу үшін уәкілетті органда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидаттардың сәйкестігін айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, оның дербес құрамы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен бекітіледі.

23. Уәкілетті орган Комиссияның шешімі бойынша кандидаттарды тестілеуден өту үшін шақыра отырып не Қағидалардың 26-тармағында көзделген жағдайда оларды шақырмай-ақ келіседі.

24. Комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болғанда Комиссия төрағасының немесе оның орнындағы адамның дауысы шешуші болып табылады. Комиссия шешімі сауалнамалық жолмен де қабылданады.

25. Комиссия мүшелері құжаттарды қарайды және қаралып отырған мәселе бойынша Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген хаттамада өз пікірін білдіреді.

26. Кандидатты тестілеуден өту үшін шақырусыз келісу туралы мәселені қарау кезінде ұсынылған құжаттардың негізінде мыналар ескеріледі:

1) кандидатта тізбесі осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалатын халықаралық қаржы ұйымдарында немесе қаржы ұйымдарының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитордың 5 (бес) жылдан астам жұмыс өтілінің болуы;

2) кандидатта қаржы ұйымының бас бухгалтерінің немесе қызметі қаржылық қызметтер көрсетумен байланысты болған дербес құрылымдық бөлімше (департамент, басқарма, филиал және өзге де дербес құрылымдық бөлімше) басшысының, қаржы және (немесе) басқарушы директордың, қаржылық қызметтер көрсетумен байланысты мәселелерге жетекшілік еткен атқарушы директордың 5 (бес) жылдан астам үздіксіз жұмыс өтілінің болуы;

3) кандидатта актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған жарамды лицензиясының болуы;

4) кандидатта тәуекелді басқару саласындағы халықаралық сертификаттың болуы (FRM (Financial Risk Manager) (ФРМ Файненшил тәуекел-менеджері) - Қаржылық тәуекел-менеджері, PRM (Professional Risk Manager) (ПРМ Профешинал тәуекел-менеджері) – Кәсіби тәуекел-менеджері, CFA (Chartered Financial Analyst) (СФА Чартеред файненшил аналит) – Сертификаты бар қаржы талдаушысы) және (немесе) ISO 31000 сериясының стандарты бойынша сертификат;

5) кандидат бұрын басқарма мүшесі, бірінші басшысы немесе бірінші басшының орынбасары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және (немесе) қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаменттің, басқарманың, филиалдың және өзге де дербес құрылымдық бөлімшенің) басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді реттеуді жүзеге асыратын (жүзеге асырған) мемлекеттік органның бірінші басшысы (бірінші басшының орынбасары) болған ба;

6) кандидат бұрын мемлекет орган аппаратының басқарма мүшесі, бірінші басшысы немесе бірінші басшының орынбасары, жауапты хатшысы, жетекшісі болған ба;

7) кандидатты тәуелсіз директор болып табылатын басқару органының басшысы не мүшесі лауазымына келісу.

Осы тармақтың талаптары осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

27. Тестілеуден өту үшін міндетті түрде шақырылуға жатады:

1) Сақтандыру қызметі туралы Заңның 34-бабының 5-2-тармағында және кепілдік беру қоры туралы Заңның 4-1-бабында белгіленген жағдайларда келісімдерінің қолданысы тоқтатылған адамдар;

2) келісім беру үшін құжаттары уәкілетті органға алғаш рет ұсынылатын адамдар.

28. Комиссия кандидатты тестілеуге шақыра отырып келісу туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған хабарламаны көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тестілеу өткізілетін күні, уақыты мен орны көрсетілген хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы (кандидат) уәкілетті орган белгілеген күн мен уақытта тестілеуден өту үшін уәкілетті органға міндетті түрде келуін қамтамасыз етеді.

29. Тестілеуден өту үшін шақырумен келісу 30 сұрақ бойынша 45 минут ішінде мемлекеттік немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде компьютерлік тестілеу әдісімен жүргізіледі.

30. Тестілеу кезінде тестіленуші адаммен бір үй-жайда уәкілетті орган қызметкерлерінің ғана болуына рұқсат етіледі.

31. Тестілеуден өту кезінде тестіленуші қандай да бір жазбаша, электрондық немесе басқа ақпараттық материалдарды пайдаланбайды. Осы тармақта жазылған шарттардың бұзылуы тестілеудің теріс нәтижесіне теңестіріледі.

32. Тестіленуші тестілеу нәтижелерімен ол өткеннен кейін дереу қол қойғызып танысуға жатады.

33. Тестілеудің оң нәтижесін алған кезде (кемінде жетпіс пайыз дұрыс жауаптар) кандидат мәлімделген лауазымға (лауазымға) немесе сайланған лауазымға (лауазымға) келісілді деп есептеледі.

34. Тестілеу уәкілетті органның интернет-ресурсында онлайн режимде трансляциямен өткізіледі.

35. Жауапты бөлімшенің қызметкері кандидат тестілеуден өткеннен кейін (тестілеу нәтижесі оң болған жағдайда) немесе комиссия оны келісу мәселесі бойынша шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде тестілеуден өту үшін шақырусыз Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы мәліметтерді қамтитын хат жобасын дайындайды.

36. Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті алушының атына мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген негіздер бойынша келісу нәтижесі туралы мәліметтерді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас

тарту туралы дәлелді жауапты қамтитын хатқа қол қойған күні мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жібереді.

37. Кандидатты келісу және (немесе) келісуден бас тарту мәселесі бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы ақпаратты жауапты бөлімшенің қызметкері уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жариялайды.

38. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

39. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды уәкілетті органның басшысы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік қызмет туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер сақтандыру қызметі туралы заңда, Кепілдік беру қоры туралы заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

40. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке куәлікте көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы немесе заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) жеке тұлғаның нақты тұратын мекенжайы және заңды тұлғаның орналасқан жері;

4) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған (шағым жасалып отырған) лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

- 5) шағым беруші адам өз талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;
- 6) шағымның шығыс нөмірі мен берілген күні;
- 7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

41. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

Уәкілетті орган басшысының шағымды қабылдағанын растау оны уәкілетті органның кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол уәкілетті орган шағымды өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Мінсіз іскерлік беделдің
болмау өлшемшарттарын,
келісім алу үшін қажетті
құжаттарды қоса алғанда,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымы
филиалының, сақтандыру
холдингінің, сақтандыру
брокерінің,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
брокері филиалының және
"Сақтандыру төлемдеріне
кепілдік беру қоры"
акционерлік қоғамының
басшы қызметкерін
тағайындауға (сайлауға) қаржы
нарығы мен қаржы ұйымдарын
реттеу, бақылау және қадағалау
жөніндегі уәкілетті
органның келісім беру
қағидаларына
1-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік

қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) қолданыстағы келісімдердің тізілімі

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Кандидатқа келісім берілген лауазымы (лауазымдары)	Келісім берілген күні, хаттаманың №	Келісімнің қолданысын тоқтату	
				Күні	Негіздеме*
1	2	3	4	5	6
Сақтандыру секторы					

Ескертпе: * сақтандыру қызметі туралы Заңның 34-бабы 5-2-тармағының, кепілдік беру қоры туралы Заңның 4-1-бабы 3-тармағының тиісті тармақшасына сілтеме көрсетіледі

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларына
2-қосымша

Басшы қызметкерлер құрамында болған өзгерістер туралы мәліметтер

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының атауы)

				Тағайындау (сайлау), басқа	
--	--	--	--	----------------------------	--

№ П№	Б а с ш ы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Күні және болған өзгеріс *	лауазымға ауыстыру, қызметтен шығару өкілеттіктерін тоқтату) туралы шешімнің бұйрықтың) нөмірі, күні	Қазақстан Республикасын ың заңнамасына (с ә й к е с қызметтен шығару (өкілеттігін тоқтату) негіздері
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: * басшы қызметкерлер құрамында (лауазымға тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, жұмыстан босату (өкілеттікті тоқтату) болған Күн және қандай өзгерістер көрсетіледі.

Қосымша (парақтар санын көрсете отырып):

Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(қолы)

20 __ жылғы " ____ " _____

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларына
3-қосымша

"Қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру

қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін қызметке тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі сақтандыру секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім берудің кіші түрі

Мемлекеттік қызметтің атауы		Қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы		сақтандыру секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы порталға құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)"бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Уәкілетті органның көрсетілетін қызметті алушының атына басшы қызметкерді басшы қызметкердің нақты лауазымына (нақты лауазымдарына) тағайындауға (сайлауға) берілген келісімі туралы мәліметтерді қамтитын хаты не осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету

		нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш ("Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес сақтандыру секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру бойынша). Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің " төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбекі кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес көрсетілетін қызметті алушы демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). 2) уәкілетті орган – Кодекске және Мерекелер туралы заңға сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
		1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес ресімделген электрондық құжат нысанындағы өтінішхат;

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

- 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (егер алымды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда);
- 3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;
- 4) азаматтық елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы азаматтық елінің (азаматтығы жоқ адамдар үшін - олардың тұрақты тұратын елінің) не кандидат соңғы 15 жыл (он бес) жыл ішінде тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген құжаттың электрондық көшірмесі. Көрсетілген құжаттың берілген күні өтінішхат берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға қатысты оларға растайтын құжаттарды беру көзделмеген болса, онда тиісті растау азаматтық елінің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі;
- 5) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген кәсіби бухгалтер сертификатының электрондық көшірмесі (бас

бухгалтер лауазымына кандидат үшін);

б) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымына мүшелігін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін);

7) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін).

Уәкілетті орган құжаттарда көрсетілген мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады: Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын; Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын.

1) кандидаттардың "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-2 және 34-баптарында, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабында, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабында немесе Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) тестілеудің теріс нәтижесі;

3) осы Тізбенің 3-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның ескертулерін жоймауы немесе көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған құжаттарды ұсынуы;

4) кандидатты басшы қызметкер лауазымына сайлаудың (тағайындаудың) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің бұзылуы;
5) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 6-1-тармағының екінші бөлігінде және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабы 3-тармағының сегізінші бөлігінде белгіленген мерзім өткеннен кейін құжаттарды ұсыну, осы мерзім ішінде тәуелсіз директор болып табылатын басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына кандидат өзінің лауазымын "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының уәкілетті орган.

Бұл талап тәуелсіз директор болып табылатын басқару органы басшысының немесе мүшесінің лауазымына таратылады;

6) уәкілетті органда басшы қызметкер лауазымына кандидаттың бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтіруге әкеп соққан деп танылған іс-қимылдарды жасағаны туралы мәліметтердің (фактілердің) болуы.

Бұл талап аталған оқиғалардың неғұрлым ерте басталған күнінен бастап бір жыл бойы қолданылады :

уәкілетті орган кандидаттың іс-қимылдарын бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тануы; уәкілетті органның осындай іс-қимылдарды жасау нәтижесінде үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алуы;

7) уәкілетті органда кандидаттың уәкілетті орган қадағалау ден қою шараларын қолданған және (

немесе) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп танылған іс-қимылдар жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған қаржы ұйымының қызметкері және (немесе) іс-қимылдары қаржы ұйымына және (немесе) мәмілеге қатысушы үшінші адамға (үшінші адамдарға) нұқсан келтіруге әкеп соққан қаржы ұйымының қызметкері болып табылғаны туралы мәліметтердің болуы.

Бұл талап аталған оқиғалардың неғұрлым ерте басталған күнінен бастап бір жыл бойы қолданылады :

уәкілетті орган кандидаттың іс-қимылдарын бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тануы; уәкілетті органның осындай іс-қимылдарды жасау нәтижесінде үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алуы.

Бұл тармақшаның мақсаттары үшін қаржы ұйымының қызметкері деп жоғарыда көрсетілген бұзушылықтарға әкеп соққан мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құзыретіне кірген қор биржасының басшы қызметкері не оның міндеттерін атқарған адам және (немесе) трейдері түсініледі;

8) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 - бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы (көрсетілетін қызметті алушылар-жеке тұлғалар үшін).

Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген

		<p>мәліметтерге, оның ішінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органынан алған мәліметтер жатады.</p>
<p>10.</p>	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Порталда іркіліс не техникалық ақаулар анықталған жағдайда, Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну қажет. Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414.</p> <p>Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, уәкілетті орган " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Мұндай жағдайда оператор көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған уәкілетті органмен қол қояды.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк,</p>

сақтандыру холдингтерінің, " Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін кіші түрлері бойынша тағайындауға (сайлауға) келісім беру банк секторындағы басшы қызметкерлерді сайлау, бағалы қағаздар нарығы секторында басшы қызметкерлерді тағайындауға (сайлауға) келісім беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларына 4-қосымша

Нысан

3x4
Сурет

Басшы қызметкер лауазымына кандидат туралы мәліметтер

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының атауы (көрсетілетін қызметті алушы – заңды тұлға немесе кандидат толтырады)

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні және туған жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	

2. Білімі:

Р/с №	Оқу орнының атауы	Қабылданған жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) және жекжаты (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер:

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

4. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

№	Жұмыс істеген кезеңі *	Жұмыс орны*	Лауазымы	Тәртіптік ж а з а қолданудың болуы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері	Ө з г е мәліметтер** *
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: осы тармақта кандидаттың еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органына мүше болуы), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап, лауазымын

көрсете отырып еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ кандидат еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі.

* қаржы ұйымдарында (оның ішінде шығарылған елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру бойынша өкілеттігі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдарында), банк немесе сақтандыру холдингтерінде, қорда, Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінде, аудиторлық ұйымдарда, мемлекеттік органдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарға мүшелік туралы мәліметтерді; қаржы ұйымдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының) басқару органдарында, (шығарылған елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері бар), банк немесе сақтандыру холдингтерінде, қорда күні, айы, жылы көрсетіледі. Қалған жағдайларда жылы көрсетіледі;

** егер қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі.

*** қаржы ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары) қаржы, басқарушы және (немесе) атқарушы директорының лауазымына орналасқан жағдайда жетекшілік ететін бөлімшелер, осы ұйымда қаржылық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер көрсетіледі;

6. Салықтар бойынша аудитті қоса алғанда, кандидаттың қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге қатысуы туралы мәліметтер:

(қаржы ұйымының атауы, аудит жүргізу мерзімі, сондай-ақ кандидаттың аудит жүргізілген қаржылық есепке орындаушы аудитор ретінде (бар болса) қол қойған күні көрсетіледі)

7. Қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің басшысы ретінде, қаржы ұйымының, банк немесе сақтандыру холдингінің қызметінің мәселелері бойынша сот талқылауларында жауапкер ретінде тартылған-тартылмағандығы

(иә (жоқ), күні, ұйымның атауы,

сот талқылауындағы жауапкердің атауы, қаралған мәселе заңды күшіне енген

сот шешімі көрсетілсін (ол шығарылған жағдайда)

8. Кандидат экономикалық қызмет саласында қылмыстарды, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін тағайындау (сайлау), оны келісу үшін құжаттар тапсыру күніне дейін үш жыл ішінде жауаптылыққа тартылды ма (Қордың басшы қызметкері лауазымына кандидат толтырмайды)

(Иә (Жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы)

жауапкершілікке тартылу негіздерін көрсете отырып,
тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері)

9. Кандидатқа қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) немесе көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылуына негіз болған сот шешімі бар ма?

Осы ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық болып табылатынын растаймын, сондай-ақ басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға өзімнің сәйкес келетінімді және мінсіз іскерлік беделімнің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге және заңмен қорғалатын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(кандидат баспа қаріптерімен өз қолымен толтырады)

Қолы _____

Қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың тәуелсіз директоры лауазымына кандидат толтырады: Мен, _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) тәуелсіз директор лауазымына тағайындау (сайлау) үшін "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының атауы

Қолы _____

Күні _____

Мінсіз іскерлік беделдің болмау өлшемшарттарын, келісім алу үшін қажетті құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Комиссияның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бей-резидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкері лауазымына кандидатты қарауы бойынша №__ хаттама

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру холдингінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік

қоғамының басшы қызметкері лауазымына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазым (дар) ы

(сақтандыру секторы, лауазым (дар) ы)

жылғы " " _____

№	Комиссия Төрағасының тегі, аты, әкесінің аты (ол болса)	Тестілеуге шақырмай келісу	Тестілеуге жіберу және тестілеу оң нәтижесі болған кезде келісу	Келісуден бас тарту
	Комиссия мүшелерінің тегі, аты әкесінің аты (ол бар болса)			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК